

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

**Шаш бұйралауға
арналған қысқыш
DEXP HC-9047WC**

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз.

Біз сізге жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды қуана ұсынамыз. Пайдаланбас бұрын, қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және осы өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланып отырыңыз.

Құрылғының қолданылу мақсаты

Электр қысқыш — шашты бұйралауға және әрлеуге арналған құрылғы.

Сақтық шаралары

- Аспапты қуат көзіне жалғамас бұрын, үйіңіздегі электр желісінің кернеуі оның техникалық сипаттамаларына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны судың маңында пайдаланбаңыз. Құрылғыны ваннада, душта, бассейнде немесе ылғалдылығы жоғары басқа бөлмелерде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны пайдаланып болғаннан кейін оны әркез қуат желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналмаған.
- Балаларға осы құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Құрылғыны осы нұсқаулықта сипатталғаннан басқа мақсаттар үшін пайдаланбаңыз.
- Қосулы тұрған құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.
- Басқа өндірушілердің аксессуарларын немесе бөлшектерін пайдалануға тыйым салынады. Осындай аксессуарлар мен детальдарды пайдаланған кезде кепілдік міндеттемелер күшін жоғалтады.
- Желілік сымын құрылғының сыртына орамаңыз.
- Құрылғыны орнына апарып қоймас бұрын, оның салқындауын күтіңіз.
- Құрылғыны пайдалану кезінде сақ болыңыз, себебі ол қатты қызуы мүмкін. Құрылғыны тек қана сабынан ұстаңыз, өйткені оның басқа бөліктері тым ыстық болуы мүмкін. Теріге жанасуынан сақ болыңыз.
- Әрқашан құрылғыны ыстыққа төзімді, тұрақты, тегіс бетке орнықтырып қойыңыз. Ыстық қыздыратын пластиналарды беттерге немесе басқа тұтанғыш материалдарға тигізбеу керек.
- Желілік сымның құрылғының басқа ыстық бөліктерімен жанасуына жол бермеңіз.
- Құрылғыны суланған қолмен ұстауға болмайды.
- Қыстырылып тұрған құрылғыны жылдам тұтанатын объектілерден және материалдардан аулақ ұстаңыз.

- Әлі салқындап үлгермеген құрылғының үстін жабуға болмайды (мысалы, орамалмен немесе киіммен).
- Шашты әрлеуге арналған құрылғыны тек құрғақ шашқа пайдаланыңыз.
- Қыздыратын пластиналарды тазалықта ұстаған жөн. Оларды шаңнан ұдайы тазалап отырыңыз. Құрылғыны шаш әрлеуге арналған құралдармен бірге пайдалануға тыйым салынады.
- Қыздыратын пластиналардың арнайы жабыны бар. Уақыт өте келе ол жабыны кете береді. Бұл құрылғының жұмысына аса ықпал ете қоймайды.
- Құрылғыны боялған шашқа қолданған кезде, қыздыру пластиналарында дақтар пайда болуы мүмкін.
- Құрылғыны жасанды шашқа арнап қолданбас бұрын, шашты сатып алған сауда орнындағы мамандармен кеңесіңіз.
- Құрылғыны ақаулық орын алғанда немесе сымы бүлінгенде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны жөндеу немесе тексерту үшін тек авторландырылған сервистік орталыққа жүгінген жөн. Біліктілігі жоқ тұлға орындап жасаған жөндеу пайдаланушы үшін аса қауіпті жағдайларға апарып соқтыруы әбден мүмкін.
- Электр тогы соқпауы үшін саңылауларына металл заттарды салмаңыз.
- Сенімді әрі балалардың қолы жетпейтін жерлерде сақтаңыз.

Техникалық сипаттамалар

- Моделі: HC-9047WC.
- Желі кернеуі: AC 220-240 В, 50 Гц.
- Қуаты: 45 Вт.
- Пластиналардың жабыны: турмалинді.
- Температура режимдерінің диапазоны: 180-210 0С.
- Айналымы желілік сым.
- Іліп қоюға арналған ілмек.
- Қолдану аясы: тұрмыстық.

Құрылғының сұлбасы

1. Турмалинді жабыны бар гофрленген керамикалық пластиналар.
2. Қосу/өшіру түймесі.
3. Қуат индикаторы.
4. Құрылғыны іліп қоюға арналған ілмек.
5. Айналымы қуат сым.



Пайдалану нұсқаулығы

Гофрлеу алдында шаштың құрғақ және шашқа арналған таза және көбік, лак, кондиционер, т.б. іздерінің болмауына көз жеткізіңіз.

1. Құрылғыны электр желісіне қосыңыз.
2. Құрылғыны қосыңыз.
3. Құрылғы қызғанша күте тұрыңыз.
4. Шаш бұрымын бөліп алып, қыздыру элементтері арасына салып қысыңыз.
5. Шаш ұзындығы мен бітіміне, сондай-ақ жасағыңыз келген гофр түріне байланысты құрылғыны бірнеше секунд ұстаңыз.
6. Құрылғымен шаштың ұшына дейін жүргізіп шығыңыз.
7. Келесі әрлеу алдында құрылғының салқындауын күтіңіз.
8. Пайдаланып болғаннан кейін құрылғыны өшіріп, оны электр желісінен ажыратыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Күйіп қалмау үшін жұмыс істеп тұрғанда қыздыратын пластиналарға тиіспеңіз.
- Қыздыратын элементті үшкір заттармен қыруға болмайды.
- Пайдаланып болған соң құрылғыны толық салқындағанша ыстыққа төзімді бетке қалдырыңыз.

Тазалау және күтім жасау

1. Тазалаудың алдынан құрылғыны желіден ажыратыңыз.
2. Құрылғыны тазаламас бұрын, оның салқындауын күтіңіз.
3. Пластиналарды және корпусты тазалау үшін дымқыл шүберек қолданыңыз.
4. Жемір жуғыш заттарды, қырғыш заттарды, химиялық тазартқыштарды, еріткіштерді және спиртті пайдаланбаңыз.
5. Тазалау мақсатында құрылғыны суға батырмаңыз.
6. Пайдаланар алдында құрылғыны мұқият кептіріңіз.
7. Құрылғыны өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз, авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын жайларында, өндіруші қаптамасында, 5°С...40°С температура аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде сақтау керек. Жайларда коррозия тудыратын қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауға тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиян келтіруінің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Цзезян Сити Шуньли Молд Электрик Эпплайнс Ко., Лтд.
Танпу өнеркәсіптік аймағы, Цзезян сынау аймағы, Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр-магниттік сәйкестілігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары алдын ала хабардар етпестен өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Құрылғының жиынтықтамасы алдын ала хабардар етусіз өзгертіле алады.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1



Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және ол тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілді қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club